

ӘОЖ-343.265

Д.Т. Нұрбек

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы,
Қазақстан, Талдықорған қ.
E-mail: rufat.dana@mail.ru

Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату институтының мәні

Аталған мақалада ҚР-дағы қылмыстық жауаптылық пен жазаның толық мазмұны, сондай-ақ олардың тиімділігі және жауаптылықпен жазаның арақатынасының ерекшелігі беріледі.

Түйін сөздер: қылмыстық жауаптылықтан босату, жаза, жазадан босату.

D.T. Nurbek

Essence institute exemption from criminal responsibility and punishment

In scientific to work maintenance of release is given from criminal punishment and responsibility in Republic of Kazakhstan. Her efficiency and features of intercommunication of responsibility with punishment.

Keywords: discharges absolute, punishment, releasing from punishment.

Д.Т. Нурбек

Сущность института освобождения от уголовной ответственности и наказания

В научной работе дается содержание освобождения от уголовного наказания и ответственности в РК. Ее эффективность и особенности взаимосвязи ответственности с наказанием.

Ключевые слова: освобождения от уголовной ответственности, наказание, освобождения от наказание.

Қылмыстық жауаптылық, әдетте, жаза арқылы жүзеге асырылады. Бірақ та кейбір жағдайларда қылмыспен күрес жаза қолданбай-ақ жүргізіле беруі мүмкін. Қылмыспен күрес практикасында қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату институттары мейлінше кең таралған. Аталған институттарды қолдану негіздері босату түріне байланысты әрқилы болғанымен, жасалған іс-әрекеттің құқықтық сипаты өзгеріссіз қалады. Яғни ол іс-әрекет қылмыстық сипатта болады.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеуді біртіндеп жеңілдетумен азайту тенденциясын бейнелейді. Барлық жауаптылықтан босату түрлері әр жағдайда индивидуалды, тұлғаның жеке

қасиеттерін терең талдау нәтижесінде және осы тұлғаның қылмыстық жаза шарасын қолданбай түзелуі мүмкін деп танылған жағдайда ғана қолданылуы тиіс. Өзінің мазмұны бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату тек жазаны өтеуден босатуды ғана емес, сонымен бірге жазалау шараларын белгілеуден де босатуды білдіреді. Қылмыстық жауаптылықтан босату ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазадан босатудан басқа жағдайларда, тиісті органның құқығы болып табылады. Ал ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жауаптылықтан босату бұл органдар үшін міндетті болады. Қылмыскерге тек қылмыстық жазалау шараларын, оның ішінде ауыр, қатал жаза қолдану арқылы ғана қылмыскерлікті біржола жеңе алмайтындығымызды тарих дәлелдеді. Ал

қылмыскерліктің алдын алу, одан сақтандыру шараларының бұл күресте көмегі көп екендігі сөзсіз.

Қылмыскерлікпен күресте мемлекет басқа да шараларды қолданады. Мұндай шаралардың бірі – жаза.

Қылмыстық заң нормаларын сақтауды мемлекет мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етеді, себебі бұл нормалардың бұзылуы заңның басқа салаларындағы нормалардың бұзылуына қарағанда мемлекет мүддесіне, қоғам мүддесіне немесе жеке азаматтар мүддесіне үлкен зиян келтіреді.

Жаза қолданудың мақсаты – адам мен азаматтың құқығын, бостандығын, заңды мүдделерін, бейбіт өмір мен адамзат қауіпсіздігін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты және Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заң қорғайтын мүдделерін қарниет қастандықтан қорғау.

Республиканың Қылмыстық кодексі жаза түсінігіне мынадай анықтама береді: Жаза дегеніміз – соттың үкімі бойынша дайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодекстің 38-бабында көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Бұл анықтамадан жаза белгілерінің жиынтығы шығады. Оны қылмыс жасаған адамға мемлекеттік ерекше орган – сот қана үкім негізінде қолдана алады.

Үкім тек Қазақстан Республикасының атынан шығарылады. Мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шаралары лауазымды адамның атынан немесе қандай да бір мемлекеттік органның атынан қабылданады.

Заңды күшіне енген сот үкімі барлық мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады, ол Қазақстанның барлық аумағында орындалуға тиісті.

Үкімде тағайындалған жаза қатан дара сипатта болады, ол тек қылмыс жасаған адамға ғана қатысты және басқа адамдарға (сотталғанның туған-туыстарына) таралмайды.

Жазаның орындалуы мемлекет күшімен жүзеге асырылады. Қоғамдық ықпал жа-

сау шараларының жазадан айырмашылығы сол олардың артында мемлекеттік күш емес, қоғамдық пікір тұрады.

Қылмыс пен жаза – өзара тығыз байланысты құқықтық түсінік. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде жаза тек қылмыс үшін қолданылады.

Мысалы, бас бостандығынан айырғанда, қамауға алғанда сотталған адамның көптеген құқықтарына шек қойылады, ол бостандығынан айырылады, оның отбасымен, дос-туыстарымен байланысы үзіледі. Мүлкін тәркілегенде, айыппұл алғанда ол материалдық шығын көреді. Белгілі бір қызметке тұру немесе қызметпен айналысу құқынан айыру сияқты жаза шарасы адамның қызмет, кесіп таңдау құқына шектеу салады. Жазаның жазалау сияқты элементінде қорқыту сипаты бар. Тағайындалған жазаның ауыр-жеңілдігі жасалған қылмыстың сипатына және қаншалықты ауыр екендігіне, айыпкердің жеке басына және басқа мән-жайларға байланысты.

Жазалау жазаға тән ерекшелік бола тұрса да Қылмыстық кодексте ол жаза мақсаты ретінде қаралмайды (ҚК-нің 38-бабының 2-бөлігі). Бұрынғы Қылмыстық кодекстерде жазалау жазаның мақсаты ретінде қарастырылмаған.

Дегенмен бірқатар ғалымдар жазалауды жаза мақсаты ретінде қарастырған. Атап айтқанда, Н.А. Беляев былай деп жазды: «Жазаның мақсаты жазалау, ол дегеніміз – жасаған қылмысы үшін айыпкерді күйзелту, бостандығынан айыру» [1].

А.И. Марцевтің пікірінше, арнайы сақтандыру шараларының мәні – «қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның жаңа қылмыс (немесе жаңа қылмыстар) жасауына жол бермеуде» және бұл мақсатқа жазалау, тәрбиелеу арқылы тікелей қол жеткізуге болады.

Ал И.И. Карпецтің пікірінше, нақты адамға жаза тағайындағанда арнайы сақтандырудағы мақсатқа мына әдістермен қол жеткізуге болады: қылмыскерді қылмыс жасау мүмкіндігінен айыру; қылмыскердің көңіл-күйіне ықпал жасау; зәресін алу [2].

Мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы болып табылатын жазада соттылық сияқты өзіне тән сипат бар, ол кейін құқықтық және моральдық тұрғыдан өзінің теріс зардабын тигізеді. Мысалы, егер адам жазадан қылмыс жасаса, оның бұрынғы қылмысы үшін соттылығы қылмыстық

жауапкершілікті ауырлататын мән-жай болып табылады.

Қылмыстық жазадан босату бұл кінәлі адамды жазаның құрамдас бөліктері болып табылатын белгілі бір құқықтарын шектеумен құқықтарынан айырудан босату.

Аталған институтты қолдануға сот тағайындаған жазаны орындаудың тиімсіздігі немесе жазаны атқаруға мүмкіндік болмауы негіз болады. Кейде қылмыстық жазадан босатуды қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың бір формасы ретінде түсініп оны қылмыстық жауаптылықтан босатудың құрамдас бөлігі ретінде құрастырып қате тұжырым жасайды. Ал іс жүзінде, жазаны өтеуден босату, дербес қылмыстық-құқықтық институт болып табылады.

Бұлар өзара мазмұны, негіздері, заңдық салдарлары және қолданудың процессуалдық тәртібіне байланысты ерекшеленеді. Мысалы, қылмыстық жазадан босату тек онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін ғана емес одан да кең шеңберде қолданылады. Ал қылмыстық жауаптылықтан босату тек үлкен қауіп тудырмайтын онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамдар үшін ғана қолданылады. Жазаны өтеуден тек сот қана босата алады, ал қылмыстық жауаптылықтан босатуды тергеуші, прокурор, анықтау органы жүзеге асыра алады.

Сондай-ақ қылмысты адам жазаны өтеуден босатылғанымен қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды. Ал қылмыстық жауаптылық жаза қолданусыз жүзеге асырылуы мүмкін. Қылмыс жасаған кінәлі адамды қылмыстық жауаптылықтан босату осы тұлғаны жазаны өтеуден де босату болып табылады.

Осылайша, «Әрбір кінәліге – әділетті жаза» қағидасы бұзылады. Бұл көзқарастан басқа тұрғыдан тереңірек қарап көрелік [3].

Жаза тым кешігіп орындалып жатса, ол өзінің ескертушілік әсерін жоғалтады. Қылмыскер жаза қолданусыз-ақ түзеліп кеткен жағдайда, жаза қайта тәрбиелеу құралы қызметін атқара алмайды. Мұндай жағдайда жаза әлде де жалпы ескертушілік сипатта болуы мүмкін, бірақ, негізінен, істелген іс-әрекет үшін кек қайтару секілді көрінеді. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату да ескертушілік рөл ойнай алады. Яғни мемлекет өзінің осы әрекетімен

қылмыс жасаған адамның өзінің кейінгі оң мінез-құлқымен келтірілген зиянын жойып, өз кінәсін жуып-шаюға мүмкіндік бар екендігі туралы жариялайды. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату институты қылмыс істеген адамды үлгілі мінез-құлық сақтауға тырысуға ықпал етеді.

Аталған институттың өмір сүруі нәтижесінде «жазаны құр қорқыту құралына айналып қалу қаупі туады» деп те күмәндануға болар еді. Бірақ мұндай құбылыс орын алмайды. Өйткені қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату автоматты түрде емес, тек заңда көрсетілген шарттарды сақталған жағдайда ғана жүзеге асады.

Тіпті жазаны өтеп біткен немесе жазаны қысқартқан немесе неғұрлым жеңіл жаза түрімен алмастырылудан кейін де тұлға тиімсіз теріс салдарға душар болып отырады.

Тұлғаны соттың белгілі бір жаза түріне соттауы тәртіп бойынша аталған тұлғаны соттылығы бар деп тануға негіз болады. Сонымен, бұл тұлға айыптау үкімі күшіне енген сәттен бастап, тағайындалған жазаны өтеу кезеңінде және жазаны өтеп болған соң заңда көрсетілген белгілі бір уақыт кезеңінде соттылығы бар деп танылып жүреді. Кейбір жағдайларда соттылығы болуы тұлға үшін белгілі бір шектеулер туындатуы мүмкін. Мысалы, тұрғылықты жер таңдауда, жұмысқа орналасуда, т.б.

Жаңа қылмыс жасаған жағдайда соттылығының болуы, әдетте, ауырлататын мән-жайлар қатарына жатқызылады.

Сонымен, қылмыстық жаза қылмыскердің сазайын тарттыру мақсатын көздемейді. Оның негізгі қолданылатын бағыты – құқық бұзушыны түзету, қайта тәрбиелеу және жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу бағыты. Егер осы гуманды мақсаттарға жету үшін өте қатаң қылмыстық құқықтық ықпал ету, шаралар қолдану қажет болмаса, заң мұндай сотталған адамға мүмкіндігінше, тіпті, жазаны өтеуден толық босатуға дейін жеңілдік беруге тырысады.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық сипатын анықтау процесін, қылмыстық жауаптылық пен оның мән-мазмұны туралы бірегей көзқарастың жоқтығы қиындатады. Бұл мәселені шешудің негізгі екі бағыты бар. Бірінші бағытты ұстанушылар мәселені қылмыстық жауаптылықты қылмыстық жазамен байланыстырып қарау арқылы, сәйкесінше қылмыстық жауаптылықтан босатуды жазаны өтеуден бо-

сатумен байланыстырып қарау арқылы шешеді. Екінші бағыт болса, өзінің негізіне қылмыстық жауаптылық ұғымы мен басқа да заңда қылмыс жасаған тұлға үшін көзделген тиімсіз теріс сал-

дарларды алады. Ал қылмыстық жауаптылықтан босату тек қылмыстық жазадан босатумен шектелмейді және басқа соттылық, т.б. сияқты тиімсіз салдарлардан босатуды да қамтиды.

Әдебиеттер

- 1 «Об уголовной ответственности юридических лиц» правовая реформа в Казахстане. – 2000. – №1.
- 2 Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Лекциялар курсы. – Астана: Фолиант, 2001.
- 3 Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері). – Астана: Фолиант, 2002.
- 4 Алимжан К. Толкование и применение правовых норм в судебной системе РК. Правовая реформа в Казахстане. – 2004. – №2.
- 5 Наказание: учебное и практическое пособие. //под.ред. к.ю.н., А.А. Нурымбетова.

References

- 1 "On the criminal liability of legal persons" legal reform in Kazakhstan. – 2000. – № 1.
- 2 Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Лекциялар курсы. // Астана: Фолиант, 2001.
- 3 Dulatbekov NO Қылмыстық жаза тағайындау (theory zhane practice Maseleleri). – Астана: Фолиант, 2002.
- 4 Alimzhan K. The interpretation application of law in the judicial system of the Republic of Kazakhstan. Legal revorma in Kazakhstan. 2004. – № 2.
- 5 Nakazanie. uchebnoe and practical posobie. // pod.red. k.yu.n., А.А. Nurymbetova.